

16.07.2020ж.

**«Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің 2020 жылғы
1 жартыжылдығының инвестициялық бағдарламасының орындалу туралы**

«Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-не тауарлық газды газ таратушы жүйелері арқылы тасымалдау қызметі бойынша 2020 жылға инвестициялық бағдарлама 14096,0 мың теңге көлемінде бекітілген (*жылдық көрсеткіштер, тоқсанға инвест. бағдарлама бекітілмеген*), оның ішінде 630,0 мың теңге бекітілген тарифтік сметадағы амортизация есебінен көзделген, пайда тарифтік сметада қарастырылмаған, 13446,0 мың теңге «Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің реттелмейтін өзге қызмет қаражаты есебінен жасалынуы жоспарланған.

«Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің аумағындағы ГТЖ-4-ден (газ тарату желілері) бастап ұзындығы 600м жоғары қысымды газ құбырларын қайта жаңарту жоспарланған.

2020 жылдың 1 жартыжылдығында нақты орындалған инвестициялық іс-шаралар 6902,187 мың теңгені құрады, оның ішінде 940,42 мың теңге, тарифтік сметада қарастырылған амортизация есебінен жасалынды, 5961,767 мың теңге «Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің реттелмейтін өзге қызмет қаражаты есебінен жасалды. Аталған сомаға ұзындығы 570м жоғары қысымды газ құбырлары қайта жаңартылды.